

**«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ**

№: AIFC-C/CFI/2022/0012 ic

ЖӘНЕ

«Аксайстрой-2020» ЖШС

Талап қоюшы

пен

«МеталлИнвестАтырау» ЖШС

Жауапкер

АРАСЫНДАҒЫ

**ХТО 2018 Төрелік және Медиация қағидаларына сәйкес ХТО № 81/2021
қабылдаған 2022 ЖЫЛҒЫ 18 АҚПАНДАҒЫ ТӨРЕЛІК ШЕШІМНІҢ КҮШІН
ЖОЮ ТУРАЛЫ АРЫЗ МӘСЕЛЕСІ БОЙЫНША**

ШЕШІМ

29 шілде 2022 жыл

Сот Төрағасы:

Мәртебелі Лорд Манс

Kipicne

1. «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Сотына (бұдан әрі-АХҚО Соты) «Ақсайстрой-2020» ЖШС-нан («Ақсайстрой») АХҚО Халықаралық төрелік орталығында (бұдан әрі – ХТО) төреші Индира Елеусизова № 81/2021 іс шеңберінде шығарған 2022 жылғы 18 ақпандағы түпкілікті төрелік шешімнің күшін жою туралы арыз түсті. Төреші өз шешімінде Төреліктегі талап қоюшы «МеталлИнвест» ЖШС-ына («МеталлИнвест») төреліктегі жауапкер «Ақсайстрой» компаниясы сатып алған металдың бағасы ретінде 17 807 787 теңге, сонымен қатар пайыздар ретінде 3 739 635 теңге және шығыстар ретінде 580 948 теңге берді. Арыз АХҚО 2017 Төрелік Регламентінің 44(2)(a)(iii) бабына сәйкес, төреші өз юрисдикциясының шегінен асқандығы негізінде берілді. Арыз тыңдауға тағайындалды және АХҚО Сотында көзбе-көз отырыста Нұр-Сұлтан қ. 2022 жылғы 13 маусымда тыңдалды.
2. «МеталлИнвест» ЖШС-ның көрсетілген бағаға қойылған талабы металдың үш жеткізіліміне немесе 2021 жылғы 6 тамыздағы № АКТҮУ-288, 2021 жылғы 28 тамыздағы Қосымша келісіммен және 2021 жылғы 28 тамыздағы № 3 Ерекшелігі бар (алдыңғы екі Ерекшелікті алмастырған) Қосымшамен өзгертілген Өнім беру шарты бойынша жеткізілген-мыс партиясына қатысты мәлімделді. Бұл үш шарттық құжаттардың барлығында да тараптардың заңды мекенжайлары ретінде: Ақсайстрой жағдайында – Ақтөбедегі мекенжай, «МеталлИнвест» ЖШС жағдайында – Атыраудағы мекенжай көрсетілген. Бірақ олардың барлығында да тауарды табыстайтын мекенжай ретінде «МеталлИнвест» ЖШС-ның Ақтөбе қ., Пожарский көшесі, 105 мекенжайы көрсетілген.
3. Өнім беру шартының 9.1 тармағында Тараптар арасында Шарт бойынша немесе оныен байланысты туындайтын даулардың немесе келіспеушіліктердің барлығы Нұр-Сұлтан қ. «Астана» Халықаралық қаржы орталығының Халықаралық төрелік орталығының (бұдан әрі – АХҚО ХТО) алаңында өткізілетін Батыс Қазақстанның Халықаралық төрелігінде, АХҚО ХТОТөрелік және Медиация Регламентіне сәйкес «бір төреші-төраға Индира Елеусизовамен» шешілетін болатындығы» қарастырылған, ал тараптар 9.2 тармақта «Батыс Қазақстанның және АХҚО ХТО-ның Төрелік Регламентімен танысқандығын және келісетіндіктерін» растаған. Осы

негізде «МеталлИнвест» ЖШС № 81/2021 Төрелік істі бастап, үш металл партиясының төленуге тиесілі бағасын, сол сияқты пайыздар мен шығыстарды талап етті.

4. Төрелік барысында төрешінің юрисдикциясы немесе төрешінің оны қалай жүзеге асырып отырғандығы дауланған жоқ. Алайда осы арыз төрелікті аяқтаған кезде ол шығарған шешімде ол өз юрисдикциясынан қайсібір түрде асқаны негізінде берілген. Осы орайда «Аксайстрой» ЖШС өз арызында АХҚО 2017 Төрелік Регламентінің 44(2)(a)(iii) бабына сүйенеді және оны цитата ретінде берген. 44(2)(a)(iii) бабына сәйкес:

«Төрелік шешімнің күшін АХҚО Соты мына жағдайларда жоя алады, егер:

(а) Арыз беруші тарап мынаның дәлелін ұсынса:

.....

(iii) төрелікке берілген мәселелер бойынша шешімдер мұндай келісіммен қамтылмайтын мәселелер бойынша шешімдерден бөлінген жағдайда, төрелік шешім төрелікке берудің шарттарымен қарастырылмаған немесе оның аясына түспейтін дауға қатысты болса немесе онда төрелікке беру шарттарының шеңберінен асатын мәселелер бойынша шешімдер бар болса, төрелік шешімнің төрелік келісіммен қамтылмайтын мәселелер бойынша шешім бар бөлігінің ғана күші жойыла алады;»

ХТО шешімінің күшін жою туралы арыз беріле алатын 44-баптың басқа қайсы болмасын негіздемелерінің осы іске қандай да бір қатысы болатыны көзделмейді.

Мән-жайлар мен Шешімді анағұрлым нақтырақ қарау

5. Төрелік шешімнен, арыз нысаны мен қоса берілген құжаттардан, сонымен қатар ауызша тыңдаудан кейін тараптар берген түрлі қосымша құжаттардан мыналар шығады. «Аксайстрой» ЖШС-ына Орал қаласында тұрғын үй құрылысы үшін металл керек болған екен. «МеталлИнвест» ЖШС-ның «Аксайстрой» ЖШС атына жолданған 2021 жылғы 25 қазандағы № 288 хатында көрсетілген дәлелдері ол металдың тиісті үш партиясын оларды 2021 жылғы 7 тамыздағы № 22420 , 2021

жылғы 28 тамыздағы № 28073 және 2021 жылғы 28 тамыздағы 28083 тауарлық үш жүкқұжатқа сәйкес Ақтөбе қаласындағы қоймадан тиеген және Орал қаласындағы Аксайстрой» ЖШС аумағына түсірген кезде жеткізіп бергенінде болып табылған және болып табылады да. Осы үш тауарлық жүкқұжаттың әрайсысының аяғында, аударылғандай, «Тауарды Бутко О.В. табыстады» деген сөздер бар, олардан кейін түпнұсқа жүкқұжатта Бикмухамбетов Р.Р. мырзаның қолы бар-мыс делінген ескертпе бар. Тауар партиясына қатысты, «МеталлИнвест» ЖШС-ның ісі тыңдалғаннан кейін ұсынылған құжаттарда Бутко О.В. мырза «МеталлИнвест» ЖШС-ның Ақтөбедегі қоймасының бастығы ретінде көрсетілген. Төрелікте Р.Р.Бикмухамбетов мырза «Аксайстрой» ЖШС атынан тауар қабылдауға қол қою құқығын беретін, «Аксайстрой» ЖШС берген сенімхаты тіркелген алушы ретінде қарастырылған. («Аксайстрой» ЖШС-ның арызымен бірге берілген Қаржы министрлігінің 2021 жылғы 20 қазанда аяқталған кезеңдегі тізілімі бұл туралы тек 2021 жылғы 6 тамыз-2021 жылғы 18 тамыз аралығындағы кезең үшін ғана айғақтайды, бірақ оның өкілеттіктері қайта басталуы немесе ұзартылуы әбден мүмкін екендігінің негізінде болжамдалып, одан ештеңе істелмеген). «МеталлИнвест» ЖШС, сірә, өз талаптарын төрелікте негіздеуге тауарлық жүкқұжаттарға, Салыстырып тексеру актісіне және «Аксайстрой» ЖШС 2022 жылғы 12 ақпанға дейін бағасын МеталлИнвест» ЖШС 2021 жылғы 7 тамызда берген электрондық шот-фактураға төлеуге міндеттенген 2021 жылғы 27 шілдедегі № 279 Кепілдік хатқа, екі тараптың да қолдары қойылған 2021 жылғы 28 тамыздағы Ерекшелікке және «Аксайстрой» ЖШС-мен қабылданбай тасталмаған төленбеу туралы «Аксайстрой» ЖШС-ның кейінгі ескертулеріне сенім артқан болар. Ауызша тыңдаудан кейін ол сонымен қатар тиеу туралы түрлі құжаттар ұсынған, олар да, оның сөзі бойынша, төрешінің қарауында бар болған.

6. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларда «МеталлИнвест» ЖШС осы төрелік іске 2021 жылғы 10 қазанда бастамашылық етіп, үш партияның сомасын талап еткен. Шешімде «Аксайстрой» ЖШС бірқатар тармақтарға сілтеме жасай отырып, төреші алдында талапқа қарсы тұруға тырысқаны айқын көрсетілген:

- а. Төрелік іс қарау қозғалуы 2022 жылғы ақпанға қарай бағаны төлеу міндеттемесі алынған кепілдік хат тұрғысынан күні бұрын берілген болып табылады.

- b. Жүктерді адамдар тобы ұрлаған.
 - c. Орал қаласында қылмыстық іс қозғалған, күдіктілер «тобы» анықталып та қойған, олардан бастапқы көрсетілімдер алынған және полиция ұрланған тауардың ағымдағы орнын анықтау үстінде.
 - d. «Аксайстрой» ЖШС атынан қойылған Бикмухамбетов мырзаның болжалды қолтаңбаларының түпнұсқалылығы күмән тудырады.
 - e. «МеталлИнвест» ЖШС «Жүктерді тасымалдау қағидаларын бекіту тіралы» Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің...жылғы 30 сәуірдегі Бұйрығының 12-тармағы бойынша, жүктерге арналған жүкқұжаттарды ұсынуға міндетті болуы тиіс.
 - f. «Аксайстрой» ЖШС Салыстырып тексеру актісіне, №3 Ерекшелікке және Кепілдік хатқа қол қойған және бұдан кейін жеткізілімді растау тәртібімен емес, тауар жеткізіледі немесе жеткізіліп қойды деген сеніммен әрекет еткен.
7. Төрешінің төрілік іс қараужы күні бұрын өткізілген деп санамағаны шешімнен айқын болып тұр. Ол Өнім беру шартының 4.1 тармағы, егер Тараптар Ерекшелікте немесе Қосымша келісімде өзгеше көзделмеген болса, «Аксайстрой» ЖШС-ын «МеталлИнвест» ЖШС-ына 100% бағаны «Аксайстрой» ЖШС немесе оның сенімгерлік берілген тұлғасы тиісті Ерекшелікке немесе тауардың тиісті партиясының шот-фактурасына қол қойғаннан кейін 30 күннен кешіктірмей төлеуге міндеттегенін және 2021 жылғы 28 ақпандағы №3 Ерекшелікте төлем мерзімі 2021 жылғы 10 қыркүйектен кешемес болып бегіленгенін көрсеткен (шешімнің 17-тармағы).
8. «Аксайстрой» ЖШС өзінің наразылығында көтерген басқа тармақтарға келетін болсақ, төреші, бәлкім, оған ұсынылған материалдардың негізінде жеткізілімнің «МеталлИнвест» ЖШС-ына Ақтөбе қаласында, тауар осылай түрде Ақтөбе қаласында тиеліп және қабылданып жүзеге асырылғанына көз жеткізген. Екінші жағынан, қылмыстық іс Орал қаласында «Орал аласында көр пәтерлі үйлер салуға тауарлық-материалдық құндылықтардың жеткіліксіздігі туралы хабарлама негізінде (34 тармақ) қозғалған. Іс жүзінде, кез келген жеткіліктік немесе шығын абстракциялау жолымен «Аксайстрой» ЖШС жеткізгеннен кейін Ақтөбеде

«МеталлИнвест» ЖШС қоймасында орын алып отыр және бұл бойынша кез келген қылмыстық тергеудің маңызы болған жоқ. Жеткізілім жүзеге асырылған және, тиісінше, ол бағасын төлеуге жатады деп есептеген.

АХҚО Соты қарап отырған мәселелер

9. АХҚО Сотының алдына үш мәселе қойылды:

- a. «Ақсайстрой» ЖШС заңды өкілдеріне 2022 жылғы 12 маусымда менің алдымда өткен тыңдауларға келуге және «Ақсайстрой» ЖШС-ның атынан сөйлеуге тиісті түрде өкілеттіктер берілді ме.
- b. Шешімнің күшін жою туралы арыз АХҚО 2017 Төрелік Регламентінің 44(3) бабында көрсетілген үшайлық мерзім ішінде берілді ме.
- c. Күшін жою туралы арыз мәні бойынша қанағаттандырылды ма.

Алғашқы екі мәселе өз табиғаты бойынша үшіншімен байланысты емес жаңа мәселелер болып табылады.

10. «МеталлИнвест» ЖШС, АХҚО Сотында а) тармағын қоя отырып, «Ақсайстрой» ЖШС-ының оның атынан АХҚО Сотында сөйлеуге ниеттенгендердің өкілеттіктерін растайтын сертификатты ұсынбағанына сілтеме жасайды. Соттың мұндай сертификат АХҚО сотында қажет деп қандай негізде болжанады деген сұраққа, «МеталлИнвест» ЖШС сертификат Қазақстанның заңнамасына сәйкес талап етіледі және төреші оның Шешімінің 24-тармағында жазғандай, бұл Өнім беру шартының 12.5 тармағына сәйкес қолданымды деп жауап берді. 12.5 тармақта былайша қарастырылған:

«Тараптардың осы Келісімде көрсетілмеген шарттары, өзге құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес реттеледі».

11. 12.5 тармақта Өнім беру шартының шеңберінде туындайтын материалдық-құқықтық мәселелерді реттейтін құқық қарастырылған. АХҚО Сотына келу үшін сертификат талап етілетіні-етілмейтіні туралы мәселе соншалықты елеулі мәселе болып табылмайды. Ол, кез келген даумен байланысты басқа да процедуралық мәселелер сияқты, 9.1 және 9.2 тармақтардағы дауларды шешу туралы ережені

реттейтін құқықтың қолданылуы аясына түсетін мәселе болып табылады. ХТО төрелігінің қағидаларының 7.2 бабында былай делінген: «Шарттың бір бөлігі болып табылатын төрелік шешім шарттың басқа талапшарттарына байланысты емес келісім ретінде қаралуы тиіс». Сонымен, төрелік келісім негізі шарттан тәуелсіз ретінде қарастырылады және көбінесе негізгі шарттың шеңберінде туындайтын материалдық-құқықтық мәселелерді реттейтін заңнамаға бағынады. Шарт ХТО төрелігінің қағидаларына сәйкес төрелікті қарастыратын осы жағдайда да солай болып табылады. Мақсат төрелік құқығын қолдану болып табылатындығы айқын. АХҚО сотының құқығы бойынша, «МеталлИнвест» ЖШС керек деп санағандай, ешқандай сертификат қажет етілмейді. АХҚО сотында клиенттің атынан сөйлейтін кез келген заңгерден талап етілетіні – оның (i) осындай сөйлеуге АХҚО Сотының лицензиясы бар болуы және (ii) өзінің клиентінің осындай сөйлеуге өкілдік беруі ғана. Бұл жағдайда өкілдіктердің бар болуы дауланбайды және әдетте сөз сөйлеу факітісімен ұйғарылады. Заңгер үшін кәсіби борышты елеулі бұзу – өкілдігі болмай тұра, клиенттің атынан сөйлеу болып табылады. Бұдан шығатыны – бұл жағдайда «МеталлИнвест» ЖШС алға қойған (a) тармағы дәрменсіз және қабылданбай тасталуы тиіс.

12. «МеталлИнвест» ЖШС көтерген (b) тармағы мынада: 44(3) бапқа сәйкес, шешімнің күшін жою туралы «Аксастрой» ЖШС өтінішхаты уақтылы емес берілген, бұл бапта былай делінген:

«Күшін жою туралы өтінішхат мұндай арызды беріп отырған тарап төрелік шешімді алған күннен бастап үш ай немесе төреліктің тараптары жазбаша түрде уағдаласқан одан да ұзағырақ уақыт өткен соң жасала алмайды...»

Мұнда тараптардың арасында үш айдан ұзағырақ уақыт келісілгені туралы болжамдар жоқ. «МеталлИнвест» ЖШС б) тармағын мерзім басталатын тиісті күн 2021 жылғы 23 желтоқсан болып табылатыны негізінде қойды. Алайда бұл АХҚО Сотының 2021 жылғы № 13 ісінде судья Том Монтагю-Смит QC төрешінің уақытша қорғау ұсынғанын растаған күн ғана (тыйым салу туралы сот бұйрығы). 44(3) бапқа сәйкес шешімінің күшін жою туралы өтінішхат мақсаттары үшін тиісті күн [«Аксастрой» ЖШС] шешім алған күн» болып табылады. Бұл жағдайда тиісті төрелік шешімге 2022 жылғы 18 ақпан күні қойылған, бірақ істің материалдарынан

оны тараптарға төреші электрондық поштамен тек 2022 жылғы 21 ақпанда жіберілгені көрініп тұр. Тиісінше, 44(3) бапқа сәйкес арыз беруге «Ақсайстрой» ЖШС-ының 2022 жылғы 21 мамырға дейін уақыты болды. Бірақ тіпті егер 2022 жылғы 18 ақпан тиісті күн болып табылғанның өзінде, «Ақсайстрой» ЖШС-ының 2022 жылғы 18 мамырға дейін уақыты болды. Қалай болғанда да, 2022 жылғы 18 мамырдағы осы арыз уақытында берілген. Бұл мән-жайларда АХҚО Соты 44(3) бапта қарастырылған үш айлық мерзімді созуы мүмкін болатын қандай да бір негіздердің бар-жоқтығы туралы мәселені қараудың қажеті жоқ. Жоғарыда көрсетілгендерден шығатыны, б) тармағы да шынайылыққа сәйкес емес және қабылданбай тасталуы тиіс.

13. Сонымен, (с) тармағы туындайды. «Ақсайстрой» ЖШС-ның арызында бұл тармақ «Талап қоюшы төрешінің 18.02.22 шешімімен мына негіздер бойынша келіспейді: ...» деген мәлімдемесімен көрсетілген. Осыған ұқсас, ауызша тыңдаудан кейін берілген жазбаша таныстырылымда «Ақсайстрой» ЖШС тауардың тиісінше жеткізілуі орын алғаны туралы кез келген қорытынды «айтарықтай дұрыс емес» деп мәлімдейді. Төрешінің өз юрисдикциясынан асқаны туралы көрсету үшін бұл келешегі жоқ бастау. Төрешінің юрисдикциясын даулау төреші оған берілген мәселелердің шеңберінен шығатын қандай да бір мәселе бойынша шешім қабылдағанын дәлелдеуді ұйғарады. Төрешінің шешімімен тараптың келіспейтіндігі» немесе оның «дұрыс емес» қорытындыға келгені туралы мәлімдеме оның өз юрисдикциясынан асқанын ешбір көрсетпейді. Төрелікте жеңілген тараптың шешіммен немесе онда шешілетін мәселелермен келіспеуі сирек емес. Бірақ бұл төрешінің юрисдикциясы туралы емес.

14. Сондықтан 44(2)(a)(iii) бап бойынша мәселе шағым берген тараптың төрелік шешіммен келісуінде-келіспеуінде немесе оны «дұрыс емес» деп санауында болып табылмайды. Ол сонымен қатар Соттың өзінің төрелік шешіммен келісуінде-келіспеуінде немесе оны «дұрыс» немесе «дұрыс емес» деп санауында да болып табылмайды. Коммерциялық төреліктердің көбісінің негізгі ерекшеліктерінің бірі әдетте төрелік шешімдердің түпкілікті болып табылатындығы және іс жүзіндегі немесе құқықтық негіздер бойынша шағымдануға жатпайтыны (немесе «қайта қарауға жатпайтыны») болып табылады.

Бұл ерекшелікті коммерциялық тараптар, қалай болғанда да, олар жеңілмейінше - төреліктің артықшылығы деп қарайды. Төрелікке келісетін тараптар осы түпкіліктілік немесе қайта қаралудың мүмкінсіздігі қағидаты туралы білулері тиіс. Төрелік келісім жасасудың алдында олар өздерін нақты не керек ететіндерін, сол сияқты олар келіспейтін себептер бойынша олар жеңілген жағдайда, дәл осыған көнуге мәжбүр болатындарын айқын түсінулері тиіс. Сотта іс қараудың айырмашылығы - сәттілікке жету үшін минималды перспектива қамтамасыз ету үшін рұқсат керек болатыны шартымен, сот процедуралары әдетте құрығанда бір апелляция беруге мүмкіндік береді. АХҚО Сотында өзінің шағымдану жүйесінің арқасында онда қозғалған іс қарауларға қатысты (олардың оның айрықша юрисдикциясы шеңберінде немесе АХҚО сотын таңдау туралы келісім бойынша немесе ескертпе бойынша қозғалғаны-қозғалмағанына байланыссыз) дәл осыған рұқсат етіледі: АХҚО сотының Регламентінің 5-бөлігін және АХҚО сотының Қағидаларының 29-бөлігін қараңыздар. Егер тарап құқықтарды қайта қарау немесе бірінші инстанцияның шешімінің заңсыздығын қайта қарау мүмкіндігін өзіне қалдыруды қаласа, ол әрқашанда төрелік ескертпеге альтернатива ретінде сот ескертпесін таңдауға басымдық беруіне болады немесе бұл жөнінде уағдласуына болады.

15. Төрешінің құзыретіне не кіретіні төрелікке берілген мәселелердің көлеміне байланысты. Бұл жағдайда елеулі мәселе нәтижесінде металл бұйымдар жеткізіп беру шарты бойынша баға төленуі тиіс болған тиісінше жеткізілім жасалған-жасалмағанында болып табылды. Бұл арызға берілген қысқаша жауап, төменде анағұрлым толық баяндалған себептер бойынша, мынада болып табылады – төреші тиісінше жеткізілім жүзеге асырылғанын және бағасын төлеуге жатқандығын анықтады; және оның шешімі, дұрыс болсын немесе дұрыс емес болсын, оған шешу үшін берілген мәселелерге жатады және сонықтан да оның юрисдикциясының аясына түседі.
16. Төрелік шешімнің күшін жоюдың «Аксастрой» ЖШС сүйеніп отырған (жалғыз) негіздемесі, айтылып кеткендей, юрисдикциядан асу болып табылады. Төрелік Регламенттің 44(2) және (3) баптарында басқа да, шектеулі негіздемелер бар (1958 жылғы Нью-Йорк конвенциясындағыдай), олар бойынша төрелік шешімнің күшін

жоюға Соттың құқығы бар. Алайда бұл негіздемелер қатаң түрде шектеулі және олардың бірде-бірі Соттың төрешінің шешімін немесе фактілер немесе құқық болсын, материалдық-құқықтық мәселелер бойынша оның немесе оның юрисдикциясының шеңберінде қабылданған шешімді мәні бойынша қайта қарауына мүмкіндік бермейді.

17. Өзінің жазбаша немесе ауызша ұсынымдарында «Аксастрой» ЖШС төреші Елеусизова қандай да бір тұрғыдан өз юрисдикциясынан асып әрекет етті деп есептеуге ешқандай негіздемелер келтірген жоқ. «Аксастрой» ЖШС сілтеме жасаған негіздемелердің көбі төреші өз шешіміне қараған мәселелерді онымен келіспеу себептерімен қоса тізіп көрсетуді қамтиды. Түсіндіріліп кеткендей, мұндай негіздемелер юрисдикцияға қатысты емес. Олар тек қана төрешінің оның құзыретіне кірмейтін мәселелер бойынша шешімін даулайды. Қайталап айтайын, тіпті Сот төрешінің нақты мәселелерді немесе жалпы талап қоюды қалай қарағаны немесе шешкені бойынша қателескен сынды деген қорытындыға келсе де, бұның мәні болмайды. 44(2) бап бойынша мәселе оныкі дұрыс немесе дұрыс емес болғандығында емес, оның шешімінде оның юрисдикциясының шектері сақталған-сақталмағандығында болып табылады. Соттар да, сол сияқты төрешілер де өз юрисдикцияларын жүзеге асыру барысында өздерінің ой-пікірлері мен шешімдерінде аракідік қателеседі. Қателіктерден жалғыз құқықтық қорғау, мүмкіндік болған жағдайда, апелляция болып табылады, бірақ, аталып кеткендей, төрелікте әдетте құқықтық қорғаудың мұндай құралы ұсынылмайды.

18. «Аксастрой» ЖШС сонымен қатар төрешінің жеткізілім Ақтөбеде жүзеге асырылғаны туралы қорытындысын да 2021 жылғы 25 қазандағы № 228 хатпен таныспағандыққа негізделген толық және негізделмеген қайшылық ретінде сипаттайды. Бұл хатта «МеталлИнвест» ЖШС Шарт бойынша «сіздердің Орал қаласындағы объектілеріңізге «металды тиіп берді» деп жазылып тіркелген. «Аксастрой» ЖШС-ның 2021 жылғы 25 қазандағы хатына сілтемеге қатысты бірнеше ескерту жасауға болады. Біріншіден, жеткізілім орны бірнеше айдан кейін жазылған хатқа емес, шарттық құжаттамаға байланысты. Екіншіден, қалай болған жағдайда да, бұл хат, Соттың пікірінше, төрешінің жеткізілім Ақтөбеде жүзеге асырылған деген қорытындысына қайшы келмейді. Үшіншіден, тіпті Сот, хат

немесе шартық құжаттама тұрғысынан, төрешінің шешімімен келіспеген болса да, бұл оның өз юрисдикциясынан асқанын білдірмейді. Төртіншіден, Сот төрешінің келісімшарттың тиісті ережелеріне сай жүктер «МеталлИнвест» ЖШС-ының Орал қаласындағы емес, Ақтау қаласындағы қоймасында қабылдануы және жеткізілуі тиіс болатын (бұл, сөзсіз, олар қабылданғаннан және жеткізілгеннен кейін жеткізілуі және «Ақсайстрой» ЖШС ғимарат құрылысының жобасында пайдалануы тиіс болатын орын екені болғанымен) деген қорытындысымен келіспеудің себептерін көріп отырған жоқ. Қабылдау мен жеткізу «МеталлИнвест» ЖШС мен «Ақсайстрой» арасындағы осы келісімшарт тұрғысынан, тауарға иелік ету және шығын немесе тауарлардың бүлінуі тәуекелі, Шартқа сәйкес, өнім беруші ретіндегі «МеталлИнвест» ЖШС-ынан сатып алушы ретінде «Ақсайстрой» ЖШС-ына өтетін сәтке жатады.

19. Осы орайда Өнім беру шартында тікелей қаратырылған:

«ТАУАРАРДЫҢ САНЫ ЖӘНЕ САПАСЫ

.....

2.2. Сатып алушының Тауарды саны және сапасы бойынша қабылдау алуы Өнім берушінің осы Шартта мекенжайы көрсетілген қоймасында жүзеге асырылады.

.....

ТАУАРЛАРДЫ ЖЕТКІЗУ

5.1. Тауарларды жеткізу Өнім берушінің қоймасынан, Тараптар Ерекшеліктерде, шоттарда, шот-фактураларда немесе тиісті Тауардың жүкқұжаттарында келісілген мерзімдерде жүзеге асырылады. Өнім беруші Тауардың тиеуге дайын екендігі туралы Сатып алушыға тиелетін күннен 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабарлауға міндетті.

....

5.3. Тауарды жеткізу, егер Ерекшелікте Тараптармен өзгеше көзделмесе, Өнім берушінің қоймасынан Сатып алушының өзі алып кетуі талабымен жүзеге асырылады.

....

5.8. Тауарлармен бірге Өнім беруші Сатып алушыға жеткізілімге қатысты болып табылатын келесі құжаттарды табыстауға міндетті:

- Өнім берушінің шот-фактуралары;
- коносамент;
- сапа сертификатының немесе оған ұқсас басқа құжаттың Өнім берушінің қолы қойылған көшірмесі;
- орындалған жұмыстар актісі - Өнім беруші Сатып алушыға Тауарды кесу, Сатып алушыға жеткізу және т.б. қызметтерін көрсетсе.

....

5.10. Тауарды қабылдауды Сатып алушы барген тиісті сенімхаттың негізінде әрекет ететін Сатып алушының өкілі жүзеге асырады. Тиісті тауардың шот-фактурасына Сатып алушының өкілінің қолы қойылуы Сатып алушы бұл Тауары саны мен сапасы бойынша қабылдайтынын және Өнім берушіге Тауардың айқын ақаулықтары жөніне наразылықтары жоқтығын білдіреді.»

20. Одан әрі қарай, жоғарыдағы 2–тармақта аталып көрсетілгендей, 2021 жылғы 6 тамыздағы Өнім беру шарты мен №1 Қосымша келісім және № 3 Ерекшелік тауары табыстау мекенжайы ретінде «МеталлИнвест» ЖШС-ның Ақтөбе, Пожарский көшесі, 105 –тегі қоймасын көрсеткен. Бұдан басқа, №3 Ерекшелікте былай деп көрсетілген: «Тауар қбылданатын орын: Өнім берушінің Ақтөбе қ., Пожарский көшесі, 105 мекенжайындағы қоймасы».

21. Сот төреші 2021 жылғы 25 қазандағы хатты бұрыс түсіндірген деп санамайды, бірақ ол хат шарттағы позицияны көрсетеді деп санайды, ол бойынша, шарттық құжаттамада көрсетілгендей, жүктерді жеткізу оларды Ақтөбеде «МеталлИнвест» ЖШС –ның тауарларды беру қоймасынан алу және тиеу кезінде жүзеге асырылуы тиіс болған. Хатта көрсетілген «МеталлИнвест» ЖШС «сіздердің Орал қаласындағы объектілеріңізге» «металды тиеп берді» деген ақпарат, соттың пікірінше, Шартта қарастырылғандай, қоймадан тиелген кезде жүзеге асырылатын жеткізілімге сәйкес болып табылады. Сотқа арызбен бірге берілген құжаттарды зерделеуден және істі тыңдаудан кейін, төреші болды деп мойындаған жеткізілім «МеталлИнвест» ЖШС тауарларды беру қоймасының бастығы ретінде Бутко О.В. мырзаны және «Аксайстрой» ЖШС үшін тауарды қабылдаған Бикмухамбетов Р.Р. мырзаны қамтыған деген қорытынды жасауға болады. Бұл, айтылып кеткендей,

төрешінің құзыретіне айқын және тікелей кірген мәселе бойынша қорытынды болған. Оның дұрыстығына қарсы «Ақсайстрой» ЖШС-ның наразылығы оны сотта даулауға негіздеме бермейді.

22. «Ақсайстрой» ЖШС жеткізілімнің жеткізілген-жеткізілмегендігімен байланысты бірқатар басқа сәттерге сүйенеді. Ол Оралда 2021 жылғы 2 қарашада қылмыстық іс қозғау үшін негіз болған болжалды ұрлыққа, күдіктілер тобын анықтауға және олардан бастапқы жауап алуды жүргізуге, сонымен қатар тауар тұрған жерді анықтау үшін полиция қабыдаған шараларға сілтеме жасайды. Онда Салыстырып тексеру актісі мен бухгалтерлік құжаттарға жеткізілімнің жүзеге асырылатыны немесе жүзеге асырылып қойылғанына сеніп қол қойылғаны айтылған. Бұл ережелерді әрі қарай дамыта отырып, «Ақсайстрой» ЖШС тауар жеткізілгенігінің өзіне және тауардың Аөтөбедегі қоймада қабылданғанын растайтын қолтаңбалардың түпнұсқалылығына күмән келтіреді. Ол Бикмухамбетов мырза «үш коносаменттің бәрінде [үш тауарлық-көліктік жүкқұжатқа сілтеме] «Ақсайстрой» ЖШС сенімгер тұлғасы [яғни сенімхатты ұстаушы] ретіндегі оның қолтаңбасы ... сырттай ұқсатылып қойылғанын көрсетті, яғни бұл адам тауарды алмағанын көрсетті» деп, қазіргі уақытта бұны тексеру органдары тексеріп және анықтап жатқандығын және тауарлық жүкқұжаттардағы болжамды қолтаңбаларды тек визуалды салыстыру ғана «қолтаңбаның жасанды екендігі көзбен жай қарағанның өзінде шынында айқын болып табылатынын» мәлімдейді. Бұл ойды одан әрі жалғастыра отырып, арыздың соңында полиция тексерулері жүргізіліп жатқан кезеңде төрелік шешім шығару «тексеру органдарының қозғалған қылмыстық іс шеңберіндегі қызметіне тікелей және заңсыз араласу» болып табылады деп мәлімделген.

23. Алдыңғы тармақта баяндалған мәселелердің бірде-бірі төрешінің юрисдикциясына жатпайды. Керісінше, олардың көбісі, тіпті бәрі деуге де болады, оның алдына ол өзінің юрисдикциясын жүзеге асыруы барысында қойылған. Іс жүзінде, Бикмухамбетов мырза, болжанғандай, оның қолтаңбасы сырттай ұқсатылып қойылғанын қашан және қалай «көрсеткені» әбден анық емес. Оның бұл жөніндегі мәлімдемелерінің бірде-бірі сотқа берілген жоқ немесе оны төреші атап өткен жоқ. Төрешінің алдында «Ақсайстрой» ЖШС-ның атынан сөйлеу, шамасы, сенімхаттың

үлгісі мен үш тауарлық жүкқұжаттағы қолтаңбалар арасындағы көпе-көрнеу айырмашылық соңғыларының түпнұсқалылығына «күмән» келтіргенігінде сыңайлы. Бұдан басқа, 2022 жылғы 16 маусымда «Ақсайстрой» ЖШС-ның заңгерлері хатпен жүгініп, онда Бикмухамбетов мырзаның «күдікті болып танылғаны» аталып өтілді және оның тауарларды алған-алмағанын және тауарлық жүкқұжаттардағы өзінің қолтаңбаларын растайтын-растамайтынын сұрау өтініш етілді. Бұл бұдан бұрын оған мұны істеу жөнінде өтініш жасалмағанын айтып тұр. Тергеушінің 2022 жылғы 17 маусымдағы жауабы оның Қазақстанда болмағанын, бірақ ол 2022 жылдың аяғында қайтып келетінін айтқанында болып табылады. Іс жүзінде ол тауарлардың жеткізілмеуі туралы қылмыстық тергеу шеңберінде ашқандай көрсетілімдер бермегені, керісінше, тауарды және тиісті шот-фактураларды «МеталлИнвест» ЖШС-ның Ақтөбедегі қоймасында қабылдағанын растағаны туралы «МеталлИнвест» ЖШС компаниясы үшін нотариалдық мәлімдеме жасағанда, 2022 жылғы 24 маусымда келген сыңайлы.

24. Алдыңғы параграф төрешінің қарауында болмаған және болуы мүмкін емес және сондықтан, олар тараптар сотқа берген құжаттардан шығатын боландықтан, толықтық үшін ғана келтірілген мәселелерді қамтиды. Төреші мен оның шешім шығару құзіретіне келетін болсақ, одан тауардың тиісінше жеткізілімі нәтижесінде бағаның төленуге жататанын-жатпайтындығын анықтау ғана сұралған және ол осыны атқарған. Ол тауарлық жүкқұжаттардағы қолтаңбаларға қатысты «күмән» туралы білген, бірақ бұл ешқандай құжатпен немесе қолтаңбалардың Қаржы министрлігінде тіркелген қолтаңбалардан өзгешеленетіні туралы мәлімдемеден қомақтырақ басқа ештеңемен бекітілмеген болып көрінеді. Оған әдетте төрелік сотта мұндай жағдайларда күтілетін сарапшылық қолтаңбалық қорытынды ұсынылмаған. Жай адамдардың жасандылық «көзбен-ақ көрініп тұр» деген мәлімдеулері көбіне көз жетерліктей болып табылмайды. «Ақсайстрой» ЖШС бұл сотта төреші Бикмухамбетов мырзаның қолтаңбасының түпнұсқалылығын жоққа шығаруға уақыт беруі немесе қосымша мүмкіндіктер беруі тиіс деп шағымданады. Алайда «Ақсайстрой» ЖШС төрешіге өзінің аргументтерін күшейту үшін уақыт беруі жөнінде (немесе тіпті қылмыстық процестегі оқиғалардың өрбуін күту үшін) ресми өтініш жасамаған. Қалай болғанда да, төрешінің оған беріген материалдар бойынша төрелік шешім шығаруға көшу туралы шешімі оның өз юрисдикциясын

жүзеге асыру шеңберінде қабылданған шешім болған. Бұл салада көтерілген мәселелердің ешбірі де төрешінің юрисдикциясын қозғамайды және одан асуды көздемейді.

25. «Аксайстрой» ЖШС-ның төреші шығарған шешім «полицияның тергеу қызметіне тікелей және заңсыз араласумен» тең деген одан әрі қарай жасалған болжамының күші жоқ. Оның алдына баға туралы азаматтық талап қойылды, ол жеткізілімнің жүзеге асырылған-асырылмағанына байланысты болды. Мұндай талап қою бойынша шешім полицияның ағымдағы қызметіне немесе қылмыстық іске не болмаса іс қарауға «араласу» болып табылмайды және бола алмайды. Азаматтық талаптың және қылмыстық тергеудің нәтижелері, әрине, әртүрлі болуы мүмкін және төреші өзінің қарауы бойынша қылмыстық тергеудегі оқиғалардың өрбуін күту үшін төрелік іс қарауды кейінге ақлдыру мүмкіндігін қарай алатын еді. Бірақ ол мұны істеуге міндетті болған жоқ және оның қарауындағы азаматтық талап бойынша шешім шығара отырып, ол өзінің юрисдикциясынан асқан жоқ. Бәлкім, ол талаптың негізделгендігіне қанағаттанған болар – бұл кез келген жеткіліксіздік немесе алу «МеталлИнвест» ЖШС-ның қоймасында тауарды «Аксайстрой» ЖШС қабылдағаннан кейінгі сәтте орын алғанын және Оралдағы қылмысты тергеу, осылайша, жеткізілгеннен кейін Оралға бара жатқан жолда немесе Оралда болған шығындарға қатысты екендігін білдіреді.

26. «Аксайстрой» ЖШС сонымен қатар Өнім беру шартының 5.8 тармағында аталған құжаттама жеткізілім бойынша немесе оған қарсы берілгені дәлелденбегеніне шағымданады. Бұған байланысты ол Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 546 бұйрығымен бекітілген Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларының 12-тармағына сілтеме жасайды. Бұл қағидаларға сәйкес («Аксайстрой» ЖШС ұсынған біршама шалағай аудармамен):

«12. Жүктерді тасымалдау тауар-көлік жүкқұжатымен, қағаз тасығышта немесе электрондық-цифрлық құжат нысанында ресімделеді.

Тауар-көлік жүкқұжаты жөнелтілетін жүкті жүк жөнелтуші есептен шығаратын және оны жүк алушы кіріске алатын негізгі тасымалдау құжаты болып табылады

13. Жүк жөнелтуші тасымалдаушыға тасымалдауға берілген жүкке қағаз тасығышта ресімделген жағдайда, төрт данада жасалатын тауар-көлік жүкқұжатын ұсынады.

...

15. Жүк жөнелтушіден жүктерді тасымалдауға қабылдау қағаз тасығышта ресімделген жағдайда, тауар-көлік жүкқұжатының барлық даналарында тасымалдаушының қолымен куәландырылады.

Бірінші дана жүк жөнелтушіден қалады және тасымалдауға берілген жүктерді есептен шығаруға арналады. Екінші, үшінші және төртінші даналарды жүк жөнелтуші тасымалдаушыға тапсырады.

...

19. Автокөлік құралының жолдама парағы тауар-көлік жүкқұжатымен бірге автокөлік құралының жұмысын есепке алу үшін көрсеткіштерді айқындайтын бастапқы есепке алу құжаты болып табылады.

...

Автокөлік құралының жолдама парақтары мен тауар-көлік жүкқұжаттары қағаз тасығышта ресімделген, жолдама парақтары мен тауар-көлік жүкқұжаттарының қозғалысын есепке алу журналдарында тіркелуге және тасымалдаушы журналдармен бірге 5 жыл бойы сақтауға жатады.

20. Жол парақтарын және тауар-көлік жүкқұжаттарын тасымалдаушы қағаз тасығышта немесе ауысым (рейс) басталғанға дейін бір ауысымға (рейске) электрондық-цифрлық құжат нысанында әрбір жүк автокөлік құралына жеке ресімдейді...

27. Іс жүзінде, соттың билігінде тауарлардың тиісті партияларына арналған 2021 жылғы 7 және 28 тамыздағы қол қойылған үш тауарлық жүкқұжат бар, ал «МеталлИнвест» ЖШС да істі тыңдаудан кейін бағдарлық парақтардан, клиенттің талондарынан, жүкқұжаттардан, көлік құжаттарынан, іссапарлық нұсқаулардан, сертификаттар мен іссапарлық шығыстар туралы құжаттардан, сонымен қатар тауарлық жүкқұжаттардан тұратын және оның айтуынша, төрешіге ұсынылған жөнелтілім бойынша құжаттарды берді. Тіпті бұл құжаттар Өнім беру шартының 5.8 тармағына немесе Қазақстан Республикасы Автомобиль көлігімен жүктерді

тасымалдау қағидаларына сәйкес келмейді деп санауға негіз болғанның өзінде (ал сот ешқандай негіздерді көріп отырған жоқ), бұл төрешінің құзыретіне көшуге қабілетті мәселе емес, ең көп дегенде оның өз юрисдикциясын жүзеге асыруы кезінде қарауы тиіс мәселе болатын еді. Сот тек егер, төреші анықтағандай, «МеталлИнвест» ЖШС тауарларды «Аксастрой» ЖШС-ына іс жүзінде жеткізген болса, шарттың коносаменттерді жекізуге қатысты ережелерін немесе министрліктің Автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау қағидаларының ережелерін кез келген сақтамау «МеталлИнвест» ЖШС-ын фактуралық бағаға құқықтан айыруға неліктен айыра алатынын түсіну қиын екенін ғана қосады.

28. Сот белгілі бір дәрежеде төрелікте туындаған және «Аксастрой» ЖШС арызында айтарлықтай дәрежеде қайтадан көтеруге тырысып отырған елеулі мәселелерді талдауға, сонымен қатар анықтауға тырысқанымен, іс жүзінде төреші жеткізілімнің жасалғанын және бағасын төлеуге жататынын анықтады. Ол бұл қорытындыны шығарған кезде немесе оны шығару процесінде оның өз юрисдикциясынан асқандығын ештеңе көрсетіп отырған жоқ. Бәлкім, ол қосымша зерделеуіне немесе айқындай түсуіне болатын мәселелер немесе оның алдында аргументтелуі мүмкін болған қосымша мәселелер болған шығар, бірақ бұл маңызды емес. Сот тараптар төрелік туралы уағдаласқан жағдайларда Сот апелляциялық рөл атқармайтынын қайталайды және баса көрсетеді. 44(2) және (3) баппен қарастырылған араласу үшін негіздемелер Нью-Йорк конвенциясының үлгісі бойынша жасалған және әдейі шектелген. Бұл жағдайдағы соттың жалғыз, шектеулі міндеті - «төрелік шешімнің төрелік келісіммен қарастырылмаған немесе оның шарттарының аясына түспейтін дауды қарастыратынын-қарастырмайтынын немесе оның құрамында төрелік келісімнің шеңберінен шығатын мәселелер бойынша шешімдер бар-жоқтығын анықтау». Бұл жағдайда, шешімнің мәні бойынша қандай сындық ескертулер айтылса да, ал олар аз болған жоқ, және олардың кейбірі осы шешімде талданғанымен, ақыр соңында төрешінің 2022 жылғы 18 ақпандағы шешімі тиісінше жеткізілім жасалған-жасалмағанына және бағасы, тиісінше, төлеуге жататыны-жатпайтынына қатысты болды және онда осы қаралды. Онда осы мәселенің шеңберінен асатын ешқандай мәселелер қаралған жоқ.

29. Сонымен, «Аксастрой» ЖШС-ның Индира Елеусизова 2022 жылғы 18 ақпандағы

түпкілікті төрелік шешімінің күшін жою туралы талабы қанағаттанлыруға жатпайды және қабылданбай тасталады. Шығыстар, егер сотқа осы шешім шығарылғаннан күннен кейін он күннің ішінде берілуі тиіс жазабаша ұсынылымдар жолымен кері дәлелденбесе, іс бойынша жүруі тиіс.

Соттың Бұйрығы бойынша,

АХҚО Сотының Төрағасы

Мәртебелі Лорд Манс

29 шілде 2022 жыл

Өкілдік ету:

Талап қоюшының өкілі Руслан Кенжеғалиев мырза болды, заңгер, «Аксайстрой» ЖШС

Жауапкердің өкілі Рахатом Ажғалиев мырза болды, заңгер, «МеталлИнвест» ЖШС.